

# ҚМС ҮШІН КҮДІКТІ ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ (КЖ) АЙҚЫНДАУ БОЙЫНША ЖАДЫНАМА



## ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЗЕРДЕЛЕУ НЕГІЗДЕРІ

- 01** Операция қылмыстық жолмен алынған ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыруға бағытталған деген болжамның болуы
- 02** Клиенттің тиісті тексеруден және (немесе) қаржы мониторингінен жалтаруы
- 03** Операцияға қатысушы ФАТФ-тың ұсынымдарын орындамайтын, жеткілікті түрде орындамайтын мемлекетте (аумақта) тіркелген (тұрады), онда тіркелген банктегі шотты пайдаланады
- 04** Күрделі, ерекше ірі не айқын экономикалық мәні немесе анық қойылған заңды мақсаты жоқ операция
- 05** Ішкі бақылаудың өзге де қағидалары

## КІРІСТЕРДІ ЖЫЛЫСТАТУ ТӘУЕКЕЛІН БАҒАЛАУ ӨЛШЕМШАРТТАРЫ

- 01 КЛИЕНТТІҢ ТҮРІ БОЙЫНША ТӘУЕКЕЛ:**  
сыртқы түрі, әлеуметтік мәртебесі, қызмет саласы, салық төлеуі, іскерлік қатынастардан бас тартудың (тоқтатудың) болуы, өзге де индикаторлар
- 02 ЕЛДІК (ГЕОГРАФИЯЛЫҚ) ҚАҰІП:**  
операция жасағанда КЖ тәуекелі артатын шет мемлекеттер
- 03 ОПЕРАЦИЯНЫҢ ТҮРІ МЕН ТӘСІЛІ БОЙЫНША ТӘУЕКЕЛ:**  
ІБҚ, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйегі № 938 бұйрығына «Қаржы мониторингі субъектілерінің қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпаратты беру қағидаларын және күдікті операцияны айқындау белгілерін бекіту туралы» № 938 бұйрығына № 2- қосымшамен бекітілген күдікті операцияны айқындау белгілері

## ҚМА-ҒА ХАБАРЛАМА (КОХ) ЖІБЕРУ МЕРЗІМІ

- 01** Операция жүргізілгенге дейін дереу
- 02** Егер операция жасалғанға дейін күдікті деп танылмаса, оны күдікті деп танығаннан кейін 24 сағаттан кешіктірмей

## ҚОСЫМША АҚПАРАТТЫ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

КЖ/ТҚҚ саласындағы заңнама мәселелері және ҚОДЖ жұмысы жөнінде консультациялар бойынша: 8 (7172) 74-97-52; 74-97-39.

Техникалық мәселелер мен қателіктер бойынша 8 (7172) 74-97-48, 74-97-64.